

Риддер қалалық мәслихаты депутаттарының  
«Риддер қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі  
және автомобиль жолдары бөлімі» ММ өкілімен кездесуі  
**2024 жылғы 15 наурыздағы хаттамасынан**  
**ҮЗІНДІ**

**Күн тәртібі:**

1. Риддер қаласының жолдарын қысқы күтіп ұстау бойынша жергілікті атқарушы орган жүргізетін жұмыстар туралы.
2. Қалаішілік жолаушылар тасымалын ұйымдастырудың проблемалық мәселелері туралы.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша депутаттар 2024 жылғы 10 қаңтардағы ұсынымдардың еленбегенін және 2024 жылғы кезеңге арналған Риддер қаласының жолдарын қысқы күтіп ұстау жөніндегі қызметтерге арналған шарт техникалық ерекшелікке ұсынылған өзгерістерсіз жасалғанын атап өтті. Бұл ретте депутаттардың назарына аталған ұсынымдарды іске асыру қандай себептер бойынша мүмкін еместігі туралы ақпарат жеткізілмеген.

**1. Риддер қаласының жолдарын қысқы күтіп ұстау бойынша жергілікті атқарушы орган жүргізетін жұмыстар туралы.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Риддер қаласының жолдарын қысқы күтіп ұстау бойынша жергілікті атқарушы орган жүргізетін жұмыстар туралы» мәселені қарағаннан кейін **қалалық мәслихатының депутаттары ҰСЫНАДЫ:**

1. «Риддер қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і Риддер қаласының жолдарын қысқы күтіп ұстауды ұйымдастыру жөніндегі үрдістің регламентін қайта қарасын:

- көктайғаққа қарсы материалдарды (тұзды) қолдана отырып, автомобиль жолдарының жабындарында қар шөгінділерінің (мұзданудың) пайда болуын болдырмау жөніндегі жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) негізгі тізбесіне енгізілсін;

- жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардың ұзындығын ескере отырып, жолдарды қысқы күтіп ұстау бойынша жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) аумақтылығы (қала аудандары) бойынша лоттарға бөлсін.

**2. Қалаішілік жолаушылар тасымалын ұйымдастырудың проблемалық мәселелері туралы.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Қалаішілік жолаушылар тасымалын ұйымдастырудың проблемалық мәселелері туралы» мәселені қарағаннан кейін **қалалық мәслихатының депутаттары ҰСЫНАДЫ:**

1. «Риддер қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і жолаушылар мен багажды қалаішілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурс өткізу кезінде қалалық мәслихат депутаттарын байқаушылар ретінде шақырсын.